



FARABI
UNIVERSITY – 90

QAZAQ UNIVERSITETI




Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№44 (1956) 16 ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ

Егемендігімізді сақтау – қастерлі борыш



Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, қызметкерлері және студенттері!

Сіздерді Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!
Бұл – халқымыздың мызғымас бірлігін айшықтайтын ұлы мереке.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бұл – халқымыздың азаттық туралы арманы ақиқатқа айналып, елдік дәстүрлеріміз жаңғырған күн. Осы мерейлі мерекеде бәріміз бабалар аманатына әрдайым адал болудың және ұлт болашағына зор жауапкершілікпен қараудың мән-маңызын терең түсінеміз. Себебі тәуелділік – баршаға ортақ құндылық әрі барлық игілігіміздің бастауында тұрған баға жетпес байлық. Тәуелсіздігімізден биік еш нәрсе жоқ. Оны көздің қарашығындай қорғау – әр азаматтың перзенттік парызы», – деп атап өтті.

Біз өткенімізді қастерлеп, болашағына сеніммен қараған халықпыз.

Мемлекеттігіміздің алтын діңгегі, дербестігіміздің берік негізі саналатын егемендігімізді көздің қарашығындай сақтау – бәріміздің қастерлі борышымыз.

Биыл еліміздің көшбасшы білім ордасы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына 90 жыл толып отыр.

Жаңа, әділетті Қазақстан құруда ғылыми қауымдастыққа үлкен жауапкершілік жүктелуде.

Тәуелсіздігіміздің туын биік ұстап, тұғырын нығайтатын білімді ұрпақ тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет.

Халқымыздың кемел келешегі өз саласын жетік меңгерген іскер мамандардың, білікті ғалымдар мен білімді жастардың қолында.

Елдік мұрат жолында ұлы мақсаттарды еңсеріп, межелі белестерді бағындыра беріңіздер.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға құт-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

**Құрметпен,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мемлекет қайраткері, лингвист, түркітанушы ғалым, академик Әбдуәли Қайдардың туғанына 100 жыл толуына арналған «Мәдениет – өркениет – жаһаният контексіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» атты халықаралық конгресс өтті.



Академиктің ғасыр тойын атап өтті

Ауқымды шараға ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дархан Қыдырәлі, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын-драматург Нұрлан Оразалин, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, профессор, Егеу университетіндегі түрік тілі

мен әдебиеті бөлімінің басшысы Мұстафа Өнер, сондай-ақ филолог ғалымдар, шетелден келген түркітанушылар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Конгресте Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Сонымен қатар ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың және Халықаралық түркі академиясының президенті Шаһин Мұстафаевтың құттықтау хаттары оқылды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде Әбдуәли Қайдар тіл білімінің, соның ішінде филология және түркология салаларының дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткер тұлға екенін атап өтті.

Халықаралық конгресте бірқатар кітаптар мен жинақтың тұсауы кесілді.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан мен Моңғолия ынтымақтастығының қазіргі кезеңі және келешегі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шараға ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Моңғолияның Қазақстандағы елшісі Дорж Баярхуу, ҚР Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, ҚР ҰҒА академигі Дархан Қыдырәлі және

Қос ел ынтымақтастығы



оқытушы-ғалымдар мен білім алушы жастар қатысты. Ғылыми жиынды ашқан

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев: «Халықаралық байланыста біздің ел үшін Моңғолия-

ның орны ерекше. Екі ел арасында экономика, мәдениет, тарих, білім, ғылым және басқа да салаларда қарым-қатынас қарқынды дамуда. Бүгінде университетімізде Моңғолиядан келген 167 студент білім алады. Жақында Мемлекет басшысы Моңғолияға арнайы сапармен барып, көптеген маңызды келісімдерге қол қойылды. Бұл орайда, ғылыми қауымдастықты бірлесе атқаратын көптеген жұмыстар күтіп тұр», – деді ректор.

**Айнұр
АҚЫНБАЕВА**

4-бет

**«Қазақ тілі –
өте әдемі
тіл»**



5-бет

**Асқақ арман
мен қайсар
рух жемісі**



6-бет

**Касым МАУЛЕНОВ:
КазГУ всегда
был кузницей
чемпионов**



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Испанияның Қазақстандағы елшісі Луис Франсиско Мартинеспен кездесу өткізді.

ЖОО басшысы Жансейіт Түймебаев Қазақстан аумағында жұмыс істеп жатқан испаниялық компаниялар мен холдингтерге IT, математика және экономика салалары бойынша мамандар даярлау, Испания университеттерімен бірге ғылыми жобаларды жүзеге асыру жайын ортаға салды.

Өз кезегінде Испанияның Қазақстандағы елшісі Луис Франсиско Мартинес аталған ұсыныстарды қолдайтынын және алдағы уақытта ҚазҰУ-мен тығыз байланыста жұмыс істейтінін жеткізді.

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Азиядағы және Орталық Азиядағы көшбасшы жоғары оқу орын-

Студенттер Испанияда тағылымдамадан өтеді



дарының бірегейі. Мен Қазақстандағы испаниялық компаниялардың басшыларымен кездестім. Олар арнайы ғылыми-білім беру бағдарламасын ҚазҰУ-мен бірлесіп іске асы-

руға қызығушылық танытып отыр. 2025 жылдың маусым айында ҚазҰУ-дың 30 студентін арнайы бағдарлама арқылы оқытуға және тағылымдамадан өткізуге ниетті», – деді елші.



Франция университеттерімен серіктестік

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Францияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Сильван Гиогемен кездесті.

«ҚазҰУ бүгінгі таңда Францияның 23 университеті және ұйымдарымен қарым-қатынас орнатты. Қол қойылған келісім шеңберінде академиялық ұтқырлық және ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді жүргізілуде. Осы орайда, Лотарингия университетімен «Механика және энергетика», «Мұнай-газ

ісі» қосдипломды бағдарламаларын енгізу бойынша табысты ынтымақтастықты ерекше атап өткім келеді. Бұл бағдарламалар студенттерге механика мен энергетика саласындағы теориялық және тәжірибелік білім алуға мүмкіндік береді. 2023/24 оқу жылында 21 ОПҚ және 36 білім алушы ғылыми жобаларды жүзеге асыру мақсатында Франция ЖОО-ларына арнайы барды», – деді ҚазҰУ ректоры.

Өз кезегінде Франция елшісі Сильван Гиоге елдер арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтіп, ғылыми-білім беру саласындағы өзара байланысты нығайтуға дайын екенін білдірді.

Ректор Моңғолия елшісімен кездесті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Моңғолияның Қазақстан Республикасындағы елшісі Дорж Баярхумен кездесу өткізді.

Университет басшысы Жансейіт Қансейітұлы болашақта бірлесіп алтайтану бойынша халықаралық конференция өткізуді және Моңғолия ғалымдарын тәжірибе алмасу үшін аталған іс-шараға қатысуға шақырды.

Елші өз кезегінде ҚазҰУ-да жүргізіліп жатқан жұмыстарды жоғары бағалап, Қазақстан мен Моңғолия арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделі екенін жеткізді.

«Моңғолия бауырлас Қазақстанмен, оның ішінде



ҚазҰУ-мен ынтымақтастықты арттыруға мүдделі. Екі елдің тарихы және мәдениеті ұқсас, сондықтан біз бір-бірімізге жақынбыз», – деді құрметті қонақ.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар барлық маңызды бағыттар бойынша серіктестікті дамытуға уағдаласты.



Байланысты тереңдету маңызды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің ректоры Догдурбек Чонтоев бастаған делегациямен кездесу өткізді.

Құрметті меймандарды қарсы ала отырып, Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ-мен ынтымақтастыққа қызығушылық танытқаны үшін ҚҰУ өкілдеріне алғысын білдірді. Сондай-ақ өз сөзінде ЖОО басшысы қонақтарға ҚазҰУ-дың Бішкектегі филиалының қызметі туралы айтып берді.

«2022 жылы 22 мамыр күні Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр

Жапаровтың қатысуымен ҚазҰУ-дың Бішкектегі филиалы ресми түрде ашылды. Бүгінде филиалда 31 студент оқиды, оның ішінде «Құқықтану» мамандығы бойынша – 21; «Ақпараттық технологиялар» мамандығы бойынша – 7; «Биологиялық және сабақтас ғылымдар» (Биомедицина) мамандығы бойынша – 3. Оқу процесі орыс және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылады. Оқу аяқталғаннан кейін түлектерге Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дипломы беріледі», – деді Жансейіт Түймебаев.

Өз кезегінде Ж.Баласағұн атындағы ҚҰУ ректоры Догдурбек Чонтоев екі жетекші жоғары оқу орындары арасындағы байланысты тереңдетудің маңыздылығын атап өтті.

Иран әлемі тарихы зерттелуде



Өз кезегінде Мохсен Фагани ректорға ілтипат білдіргені үшін ризашылығын жеткізді. Консул ҚазҰУ-дағы Арабтану және ирантану орталығының жұмысы одан әрі дамитынына сенім білдірді.

Кездесу соңында ҚазҰУ ректоры консулдың Қазақстан мен Иран арасындағы қарым-қатынастың дамуына қосқан зор үлесін атап өтіп, Мохсен Фаганиге «Әл-Фараби» медалін табыс етті.

Жаңа оқулық таныстырылды



М.Т.Әлімбаев, А.Ж.Шпекбаев, Б.Н.Асылы, М.С.Башимов, Е.Ә.Дүйсенов, А.Н.Есқараев, А.Ж.Жұмағали, Н.Х.Қалишева.

Іс-шараның ашылуында сөз сөйлеген Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев: «Оқу мен білім – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі ең қуатты қару. Біздің міндетіміз – бұл білімді терең және жан-жақты

жеткізу. Кітаптың негізгі мақсаты – болашақ заңгерлерді, мемлекеттік қызметшілерді және құқық қорғау органдарының өкілдерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негіздеріне үйрету ғана емес, оларға қарсы тұрудың нақты құралдары мен әдістерін ұсыну», – деп атап өтті.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» атты жаңа оқулықтың тұсау-кесері өтті. Іс-шара 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылды.

«Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты» оқулығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты күшейтуге бағытталған.

Оқулықтың мазмұны «Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және дамыту», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мемлекет бағыты ретінде», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың саяси-құқықтық негіздері», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері» және т.б. бөлімдерді қамтиды. Авторлары:



Түркі терминологиясының дамуына тоқталды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да белгілі тілші-ғалым, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ғылым жөніндегі вице-президенті Шерубай Құрманбайұлы «Қазіргі түркі терминологиясы: даму бағыттары, тіл аралық байланыстар» тақырыбында көшбасшылық дәріс оқыды.

нологиясы. Ғылым мен технология ғасырында білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, саясат пен экономиканың сан саласында қарым-қатынасты күшейтіп, ынтымақтастықты нығайтуда кәсіби тілдің рөлі барынша артты. Еларалық қатынастарда оның қажеттілігі бірінші орынға шықты. Себебі заманның өзі ғылым мен технологияның ғасыры. Ұлттың тілі технология мен ғылымның тілі болмайынша, ол тілдің сұранысқа ие болуы өте қиын», – деді Шерубай Құрманбайұлы. Сондай-ақ ол өз дәрісінде жиналғандарға тіл аралық байланыс пен тілдің стильдік тармақтары және бүгінгі түркі терминологиясының даму бағыттары жайлы мол мағлұмат берді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жиынды ашқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ғалымды 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

Өз кезегінде профессор Шерубай Құрманбайұлы жиналғандарға тағылымды дәріс оқыды. «Қазіргі түркітанудағы негізгі мәселенің бірі – бүгінгі түріктекті халықтардың терми-

Ұлт тарихын жаңа бағытта зерделеуші

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ғалым, ардагер оқытушы, тарих ғылымының докторы, профессор Гүлжауһар Көкебаеваны 70 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев университеттегі табанды еңбегі үшін және білікті тарихшыларды тәрбиелеп, жоғары білім сапасын арттыруға өлшеусіз үлес қосқаны үшін құрметті профессорға алғысын жеткізді.

«Сіз бұл белеске білікті тарихшы маман, өнегелі ғалым-ұстаз ретінде үлкен жетістіктермен көтерілдіңіз. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың тарих



факультетін үздік бітіріп, үлкен ғылым жолына түстіңіз. Бүгінде университеттің профессоры ретінде мол тәжірибеңізді жастарға үйретіп, ауқымды ғылы-

ми жобаларды іске асырып отырсыз. Ұлт тарихын жаңа бағытта зерделеу, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын шығардыңыз. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын терең зерттеп, мазмұнды монографиялар жаздыңыз. Сіздің мектебіңізден тәлім алған ізбасар шәкірттеріңіз Қазақстанмен қатар, шетелдерде жемісті еңбек етіп жүр», – деді ректор.


Өз кезегінде Гүлжауһар Көкебаева ілтипат білдіргені үшін білім ордасының басшылығына ризашылығын жеткізіп, білікті тарихшыларды даярлау бойынша университетте жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтты.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті даму мақсаттары саласындағы жетістіктері бойынша әлемнің үздік 500 университетінің қатарына енген жалғыз жоғары оқу орны болып қала отырып, Қазақстанның жетекші университеті мәртебесін тағы да растады.

QS Sustainability халықаралық рейтингінде ҚазҰУ қазақстандық жоғары оқу орындары арасында әдіснаманың тоғыз негізгі индикаторының жетеуі бойынша ең жоғары нәтижелерді көрсетті: басқару моделі (10%), тең жағдай жасау (10%), білім алмасу (10%), түлектердің жұмысқа орналасуы (10%), денсаулық және әл-ауқат (5%), қоршаған ортаны қорғау саласындағы тұрақты даму (20%), қоршаған ортаны қорғау саласындағы зерттеулер (25%). ҚазҰУ «Басқару моделі» (231-

QS Sustainability рейтингінде көшбасшы



орын) және «Білім алмасу» (269-орын) индикаторлары бойынша ерекше жоғары орынға ие болды. Бұл жетістік университеттің БҰҰ-ның тұрақты даму жөніндегі «Академиялық ықпал» бағдарламасының жандандықхабы ретіндегі белсенді

қызметінің арқасында мүмкін болды.

ҚазҰУ ұжымын лайықты жетістіктерімен құттықтаймыз және жаһандық деңгейде орнықты дамуды ілгерілетуге қосқан үлесі үшін алғыс айтамыз!

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Мемлекеттік сыйлықтар тапсырылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары мен докторанты Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының және «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранттар конкурсының жеңімпазы атанды.

Биылғы «Дарын» сыйлығының жеңімпаздары «Әдебиет», «Ғылым», «Дизайн және бейнелеу өнері», «Журналистика», «Классикалық музыка», «Креативті бастамалар», «Спорт», «Театр және кино», «Эстрада», «Халық шығармашылығы» номинациялары бойынша таңдалды.

Соның ішінде «Ғылым» номинациясы бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Электрхимиялық өндіріс технологиялары зертханасының меңгерушісі, доцент Фёдор Мальчик «Дарын» сыйлығының иегері атанды.

Ал «Әдебиет» бағыты бойынша «Дарын» сыйлығы журналистика факультетінің докторанты, ақын Бауыржан Әлқожаға берілді.

Ал «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпазы ретінде үздік жобаларды ұсынған 30 жас қазақстандық таңдалды. Солардың қатарында оқу ордасының екі оқытушысы – механика-математика факультетінің аға оқытушысы Бірлік Сағитжанов пен химия факультетінің оқытушысы Қанат Бекназаров бар. Қос оқытушы «Ғылым» бағыты бойынша жеңіске жеткен.

Айта кетейік, «Тәуелсіздік ұрпақтары» конкурсының әр жеңімпазына 3 млн теңге көлемінде жүлде берілді.

Гүл БАЯНДИНА

Ержан АШЫҚБАЕВ, Қазақстан Республикасының Америка Құрама Штаттарындағы елшісі:

ҚазҰУ түлегі екенімді мақтан етемін

Құрметті Жансейіт Қансейітұлы, сізді және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлық құрамын, білім алушыларды еліміздің білім мен ғылым саласындағы іргелі оқу орнының 90 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мерейтой – киелі университеттің тарихындағы маңызды белес қана емес, сонымен бірге егемен Қазақстанның білім мен ғылым саласындағы айрықша мәні бар оқиға. Қазіргі таңда еліміздің басты ағарту ордасы тәрбие мен рухани құндылықтың қайнар көзі, болашаққа бағытталған жаңашылдық пен ізденістің орталығы болып отыр.

Университет жетекші білім ордасы ретінде алдағы уақытта да өскелең ұрпақты тәрбиелеу, ел дамуына қажетті кәсіби мамандар даярлау жолында өз рөлін жалғастырып, көрнекті ұстаздар мұрасын лайықты түрде жалғастыратынына сенімдімін.



Өз басым альма-матер қабырғасында алған білім менің өмірімдегі маңызды кезеңдер мен жетістіктердің бастауы болғанын әрдайым атап, ҚазҰУ түлегі екенімді мақтанышпен айтамын.

Құрметті Жансейіт Қансейітұлы, еліміздің қоғамдық-саяси істеріне қосқан елеулі үлесіңіз бен тынымсыз еңбегіңіздің жемісін көре беруіңізге тілектеспін.

Орайлы сәтті пайдалана отырып, сізге және университет ұжымына зор денсаулық пен қажымас қайрат, жаңа бастамаларда тек сәттілік серік болуын тілеймін!

Мұрат ЖҰРЫНОВ, академик:

Ғылым елдің келешегін айқындайды

Қара шаңырақ ҚазҰУ-дың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Еліміздегі іргелі оқу орны басшылығын, атап айтқанда қайраткер тұлға, мемлекетшіл азамат, көрнекті ғалым Жансейіт Қансейітұлы басқарып отырған үлкен ұжымды, білім алушылар мен қызметкерлерді осынау мерейтоймен шын жүректен құттықтаймын!

ҚазҰУ – елімізге танымал мүйізі қарағайдай ғалымдарды тәрбиелеп өсірген құтты мекен. Бәріміз аса құрметпен қарайтын ғылым ордасы. Сондықтан бұл университеттен білім алуға құштар жастар өте көп. Білуімше, мұнда 25 мыңнан астам студент білім алады екен. Шетелден келіп оқып жатқан жастар қаншама. Жыл озған сайын ҚазҰУ-дың халықаралық беделі көтеріліп келеді, оны өз көзіммен көріп отырмын. Білім ошағымен арадағы қарым-қатынасым ертеден жақсы. Өзім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті профессорымын. Жылт еткен жаңалығына әрдайым қуанып отырамын. Оқу ордасында танымал тұлғалар, көрнекті ғалымдар, мемлекет және қоғам қайраткерлері ұстаздар мен білім алушыларға дәріс оқитын бір тамаша дәстүр бар. Жолым тускенде, арнайы шақырғанда



көшбасшылық дәрісін мен де оқып тұрамын. Күні кеше ғана Бірімжанов оқуларына қатысып, оқу ордасының соңғы жетістіктеріне куә болып қайттым. Жүрекжарды тілегімді айттым.

Өздеріңіз білесіздер, қазір ғылым мен білімнің заманы. Инновация дегеніңіз адам өмірімен тығыз астасып кетті. Сондықтан ел болашағы – жастарымыз өте білімді болуы керек, ғылымға бет бұрғаны абзал. Өйткені ғылым елдің келешегін айқындайды, экономиканы алға сүйрейді, халықтың әл-ауқатын арттырады. Осы орайда, ҚазҰУ – білім мен ғылымның локомотиві. Жастарды оқытып, тәрбиелеп жатқан оқытушыларға, ғалым-ұстаздарға бақ-береке, күш-жігер, мықты денсаулық тілеймін. Шаршамаңыздар, биік межеден көрініңіздер деген тілек айтқым келеді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев шетелдік студенттермен кездесу барысында қазақ тілін үйренген шетелдік студенттерге ризашылығын білдіріп, тіл үйренуге қызығушылық танытқан барлық жастарға Қазақстанда қолайлы жағдай жасалғанын атап өтті. Сондай-ақ ректор шетелдік студенттерді университеттегі қоғамдық және мәдени шараларға белсенді қатысуға шақырды. Университетімізде оқып жатқан шетелдік студенттерге қазақ ағылшын сөздігін және түркі тілдеріне ортақ сөздер жинағын сыйға тартып, қазақ тілінде терең білім алып шығуларына тілектес екенін білдірді.



«Қазақ тілі – өте әдемі тіл»

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқу үшін «Флагман» бағдарламасы бойынша АҚШ-тан арнайы келген Хлоя Эджингтон мен Эрл Алган қазақ тілінде еркін сөйлейді. Хлоя Эджингтон 2020 жылы Висконсин-Мэдисон университетіне оқуға түсіп, қазақ тілін сол білім ордасында үйрене бастаған. Кейін Қазақстанға келіп, 4-курсты ҚазҰУ-да жалғастырды. Бүгінде Хлоя Эджингтон ҚазҰУ-дың филология факультетінде «Флагман» бағдарламасы арқылы келген шетелдік студенттерге сабақ береді. Хлоя Эджингтон бес тілде еркін сөйлейді.

«Мен Америка Құрама Штаттарының азаматымын, Вирджиния штатында тудым. Қазір Алматы қаласында тұрып жатырмын, ҚазҰУ-да «Флагман» бағдарламасы бойынша ассистент болып сабақ беруге көмектесемін. Өткен жылы осы университетте қазақ және орыс тілдерін оқыдым. Өлі де үйреніп жүрмін. Оның алдында үш жыл Висконсин-Мэдисон университетінде осы тілдерді оқыған болатынмын. Менің ол жақтағы ұстазым Гүлнәр апай қазір Висконсин-Мэдисон университетінде ағылшынша сөйлейтін адамдарға арналған оқулық жазып жатыр. Қазақстанға қазақ және орыс тілдерін үйрену үшін келдім. Мен әртүрлі тілдерді білгім келеді. Басқа елдердің адамдарымен араласып, танысқым келеді, басқа елдерде тұрғым келеді. Сондықтан қандай да болсын тілді үйренуге құштармын. Менің анам неміс тілін үйретті, қазір түркі тілдерін меңгергім келеді, мысалы, қазақ тілінен басқа, өзірбайжан тілін де үйренудемін. Мені басқа елдердің тілдері өте қатты қызықтырады. Ағылшынша сөйлейтін адамдарға

түркі тілдерінде сөйлеу өте қиын, өйткені АҚШ-та қазақ, өзбек, татар тілдерінде ешкім сөйлемейді. Мектептерде ағылшын, неміс, испан, француз сияқты еуропалық тілдер ғана оқытылады. Маған осындағы университет мұғалімдері бұл жағынан жақсы көмек көрсетті. Алға қойған мақсатым – қазақ және орыс тілдерінен ағылшын тіліне аудармашы болғым келеді. Қазақ тілін өзірше орташа үйрендім, бірақ әлі жетілдіремін деп ойлаймын. Қазір Америкадан тоғыз айға тіл үйрену үшін осында оқуға келетіндерге көмектесіп жүрмін. Сонымен қатар өзім де білімді жетілдіремін. Қазақ отбасында тұрамын. Ол тілді ғана емес, жергілікті халықтың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрлерін біліп, үйрену үшін өте маңызды. Бірақ қазақ тілі – өте әдемі тіл, тарихи тіл. Мемлекеттік тілде сөйлейтін адам барлығымен жақсы қарым-қатынас орната алады. Ал университет туралы айтсам, біріншіден, оның орналасқан жері әдемі. Екіншіден, оқу орнының ұстаздары өте беделді. Мен Қазақстанда екі жыл тұрдым. Жергілікті тұрғындар өте кеңпейіл, қонақжай. Оларға алғысымды айтамын. Қазақстан менің екінші үйім сияқты, әлі де осында тұрып өмір сүргім келеді», – дейді Хлоя Эджингтон.

«Флагман» бағдарламасы бойынша Қазақстанға Америка Құрама Штаттарынан қазақ тілін үйренуге келген Эрл Алган – Индиана университетінің студенті. Қазір ол 4-курсты ҚазҰУ-да жалғастыруда. Америкалық студент қазақ, түрік, орыс тілдерін меңгерген. Эрл Алган қазақ тілін тереңдеп оқуға жағдай жасап жатқан оқу ордасына және жан-жақты қолдау көрсетіп отырған оқы-

тушыларына университет газеті арқылы алғысын білдірді.

«Мен Аризона штатында туып-өстім. 2020 жылы Индиана университетіне оқуға қабылдандым, онда екі мамандық бойынша – халықаралық қатынастар және фольклорды оқыдым. Сонда жүргенде орыс және қазақ тілдерін кәсіби деңгейде оқытатын «Флагман» бағдарламасы туралы естідім. Менің университетімде қазақ тілі сабағы беріледі, сөйтіп, екі жыл бұрын қазақ тілін үйрене бастадым. Сол бағдарлама арқылы бүгінде ҚазҰУ-дың филология факультетінде оқып жүрмін. Қазақ тілі маған ұнайды. Синонимдері көп, мән-мағыналы астарлы сөздерге бай, адам өз ойын еркін жеткізе алады. Сондай-ақ үйлесімді мақал-мәтелдер, тәрбиелік мәні бар дана сөздер көп, осы жағы маған қатты ұнайды. Мен алдымен түрік тілін үйренгенмін, қазақ тілі мен түрік тілінде ұқсас сөздер көп, сондықтан қазақ тілін игеру маған аса қиын болған жоқ. Осындағы қазақ достарыма ризамын, біз сабақтан тыс кездерде бірге футбол ойнаймыз, қайда болсақ та, тек қазақ тілінде сөйлесеміз. Халықаралық қатынастар факультетінде оқып жатқандықтан, арманым – Орталық Азиядағы мемлекеттердің біріне елші болып келу. Егер елші болу қолымнан келмесе, университетте жұмыс істейтін шығармын, мүмкін, аудармашы болармын деген ойым бар. Қазақстанда тұрып жатқанымна қуаныштымын, мені армандарыма жетелеген университетке ризамын», – деп Эрл Алган өз ойларын ортаға салды.

Тәуелсіздік – біздің ұрпақтың бағына бұйырған үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында Парламент депутаттары «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңын қабылдады.

Асқақ арман мен қайсар рух жемісі



1991 жылы 16 желтоқсанда әлем картасында жаңа, жас – Қазақстан Республикасы пайда болды. Қазақ елі ғасырлар бойы ата-бабаларымыз арман еткен тәуелсіздікке қол жеткізді. Тәуелсіздік мерекесі әр жылдың 16 желтоқсанында атап өтіледі. Егемендігін алған еліміздің өз президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды. Сөйтіп, 1991 жылы 16 желтоқсан республиканың Тәуелсіздік күні ретінде бүкіл әлемге танылды. Бұл – қазақ тарихындағы ғасырлар бойы аңсаған арманның орындалған күні. Тәуелсіздік – ең алдымен, қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі.

Қазақстан 1991 жылы 21 желтоқсанда ТМД-ға қосылғанын мәлімдеп, Алматы декларациясына қол қойды. Мемлекеттің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 1992 жылғы қаңтарда еліміздің ішкі істер әскері құрылды.

Қазақстанның тәуелсіздігін ресми түрде алғаш 1991 жылы 26 желтоқсанда АҚШ мойындады, одан кейін Қытай, Ұлыбритания, Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея, Иран Ислам Республикасы және т.б. мемлекеттер мойындады. Түркия алғаш болып Қазақстанда өз елшілігін ашты. Тәуелсіз мемлекетке айналу қазақ халқына үлкен серпіліс, күш берді, республикамыздың өз еркімен алға ұмтылуына, мемлекет болып өркендеуіне дара жол ашылды.

Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ның тұрақты мүшесі атанды. БҰҰ-ның 46-шы сессиясының шешімімен ұйымның 168-ші мүшесі болып тіркелді. 1992 жылғы 4 маусымда Жоғарғы Кеңестің сессиясы республиканың жаңа Мемлекеттік Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылы 11 желтоқсанда Мемлекеттік Әнұранның мәтіні бекітілді (2006 жылы 7 қаңтарда «Мемлекеттік рәміздер туралы» жарлыққа толықтырулар мен өзгерістер енгізілді).

Сонымен қатар Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болды. Дүниежүзі қазақтарының басын біріктіру мақсатында Қазақстанда 1992-2017 жылдар аралығында шақырылған бес құрылтайдың тарихи маңызы ерекше. Бұл басқосу қазақ халқының жаңа мыңжылдыққа біртұтас ұлт ретінде нық қадам басқанының белгісі болды.

Ұлттық валюта – теңге 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. Қай елдің болсын валютасы сол елдің заманауи саяси-экономикалық жағдайын және жаһандық дәрежесін сипаттайды. Жаңа, тәуелсіз Қазақстан Республикасы халықтың жаңа тиімді тұрмысын қалыптастыру жолындағы күрделі экономикалық реформаларды сәтті жүзеге асыра алды.

Ал Семей ядролық полигонының жабылуы Қазақстан тарихында ғана емес, тұтас адамзаттың тарихында маңызды орын алды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы Қазақстанның бірінші президентінің ядролық қарудан бас тарту жөніндегі ұсынысын мақұлдап, 29 тамызды «Халықаралық ядролық қару-жараққа қарсы күрес күні» деп жариялады. Қазақстан әлемдегі ауқымы жөнінен төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартты. Сондай-ақ Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып ядролық қаруды таратпау туралы шартқа және ядролық сынақтарға тыйым салу туралы шартқа қосылды. Ал 1994 жылы ядролық қаруды Қазақстан аймағынан мүлдем жоюға келісті.

Сонымен қатар тәуелсіз Қазақ елінің ішкі сая-

сатында елдің тұтастығын нығайтып, нарықтық экономикаға көшу, көпұлтты елдің бірлігін сақтауда барлық мүмкіндіктерді пайдалану міндеті тұрды. Ал сыртқы саясаттағы басты міндеттер қатарында Қазақстанның дүниежүзі елдерімен байланыстарын дамытып, алдыңғы қатарлы өркениетті мемлекеттердің қатарында болу және елдің қауіпсіздігін қорғау, әлемде бейбітшілікті сақтай отырып, ядролық соғысты болдырмау тұрды. Қазақ елі халқының ерік-жігері осындай аса маңызды міндеттерді жүзеге асыруға бағытталды. Шетелдермен бейбіт қарым-қатынас орнатқан, абыройы асқақ, оңы мен солын ажырататын елге айналды. Мәселен, табысты жүргізілген сыртқы саясаттағы жетістіктердің арқасында Қазақ елі БҰҰ, ЮНЕСКО, ЕҚЫҰ, ИКҰ және т.б. беделді халықаралық ұйымдардың мүшесіне айналып қана қоймай, мемлекетаралық қарым-қатынастарда да еліміздің мәртебесін көтеретін саяси оқиғаларға, тарихи кезеңдерге де бастамашы болды. Астана қаласында 2010 жылы 1-2 желтоқсан күндері ҚР төрағалығымен ЕҚЫҰ-ның 56 мемлекетінің басшылары елордамызда бас қосып, бірауыздан Астана доктринасын қабылдады. Қазақстанда 2011 жылы алғаш рет қысқы Азия ойындары өтті. Қазақстанның намысын қорғаған спортшылар 70 медаль иеленді. Олардың 32-сі алтын, 21-і күміс және 18-і қола. Қазақ елінде 2017 жылы 10 маусым мен 10 қыркүйек аралығында Астана қаласында өткен EXPO-2017 көрмесін тамашалауға төрткіл дүниеден 3 миллион адам келді. Ал көрмені өткізуге 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты. Осындай және тағы басқадай тарихи оқиғалар еліміздің халықаралық деңгейдегі үлкен беделінің нәтижесі.

Гүлнар БЕСТІБАЙҚЫЗЫ,
т.ғ.к., профессор

25 қазан 1990 жылы «Тәуелсіздік туралы» декларация қабылданған күн ретінде тарихтан белгілі. Осы норма ҚР «Тәуелсіздік туралы» заңының қабылдануына негіз болған басты құжат. Қазіргі жас буын аталған мереке бойынша көптеген мәселе бар екенін айтып жүр. Біріншіден, ол қалай мемлекеттік мереке болып енді? Екіншіден, бұрын болған мемлекеттік мереке неге араға бірнеше жыл салып мереке ретінде тойланбай келген? Бұл сұраққа сан қырлы жауап қайтаруға болады. Мемлекеттік биліктің саясаты, елдегі әлеуметтік ахуал т.б. деген сыңайлы.

Егер заңгер ретінде қарастыратын болсақ, онда «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №267-II Заңының 3-бабында мерекелер қатарында Тәуелсіздік күні туралы мереке алынып тасталынған еді. Сондықтан бұрынғы мемлекеттік мереке болып тойланып келген 25 қазан – Республика күні бірнеше жыл бойы ұмыт бола жаздаған ұлтымыздың ең басты мерекесі.

Дегенмен Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңы 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №143-VII ҚРЗ. 2-бап Ұлттық мерекелер. «Қазақстан Республикасындағы ұлттық мереке – 25 қазанда атап өтілетін «Республика күні» болып табылады» деген өзгертулер мен толықтырулар енгізу нәтижесінде бұрынғы мемлекеттік мереке қайтадан оралып отыр.

Алғашқы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы өзінің егемендігін 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған ҚР «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» ҚР конституциялық заңы негізінде әлемге паш етті. Осы негізде «Тәуелсіздік күні» деп, осы заң қабылданған күні мемлекеттік мереке қатарына қосылды. Мағынасы мен мәні жағынан бір-бірінен ажырағысыз осы екі қос норма Қазақ мемлекеті үшін ұлттық мәні зор заңнама. Оның қайсысы басым болу керек деген мәселе емес, қазақтың рухын, мәдениетін, салт-санасын егемендігіне қол жеткізуге негіз болған бастама, әрине, ол алғашқы декларация.

«Тәуелсіздік туралы» декларация қабылданғаннан кейін 1991 жылдың 15 наурызында Қазақ КСР Президенті «Наурыз мейрамы туралы» жарлығына қол қойды. Жарлыққа сәйкес, көктемгі күн мен түннің теңелу күні 22 наурыз – Наурыз мейрамы деп жарияланады. Жарлықтың мақсаты – жалпыадамзаттық құндылықтарды бекіту, республика халықтарының достығын, бауырластығын нығайту, халықтық дәстүрлерді жаңғырту болып жарияланды. Қазақ халқының ұлттық мейрамы – Наурыз туралы норма да осы «Тәуелсіздік туралы» декларацияны қабылдаған-

